БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

6В01903- Олигофренопедагогика бойынша арнайы мамандарды даярлау

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ	*Зияты зақымдалған балалармен педагогиалық іс- әрекетті тиімді жүзеге асыруға қабілетті, өз мамандығының маңыздылығын, құндылығын және қазақстандық қоғамның білім беру қажеттілігін түсінетін, арнайы білім берудің, жалпы білім берудің даму басымдылықтарын шынайы мүмкіндіктері мен жаһандануды есепке ала отырып, жүзеге асыра алатын кәсіби-құзіретті арнайы педагогтарды (дефектологтарды) даярлау.*
КӘСІБИ ІС - ӘРЕКЕТІНІҢ АЙМАҒЫ	- білім беру; - тәрбиелік; - әдістемелік; - зерттеушілік; -әлеуметтік-коммуникативті.

ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 1 –мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын, кәсіби этикасын жоғары түсініп, педагогикалық іс әрекетінде пәндік аймақтағы білімін қолданады;
ОН2 –білім беру үрдісінің барлық субьектілерінің іс- әрекетін талдауға (педагог, зияты зақымдалған балалар мен олардың ата - аналары), оқу -тәрбиелеу үрдісін моделдеуге қабілетті;
ОН3 –психикалық және психофизикалық дамытудың жалпы, спецификалық және жеке ерекшеліктерін және инклюзивті білім берудің құндылықтарына талдау жүргізуге қабілетті;
ОН4 –зияты зақымдалған тұлғаларды дамыту мен білім беруге тұлғалық бейімдеушілік ықпал ету жағдайында даму бұзылыстарын түзету әдістерін меңгерген, педагогикалық іс -әрекетке шығармашылық, зерттеушілік ықпал етеді;
ОН5 –жеке түзетушілік -дамытушылық бағдарламаны жасауға, түзетушілік - дамытушылық жұмысты жоспарлауға қабілетті;
ОН6 –инновациялық технологияларды қолдана отырып, зияты зақымдалған тұлғаларды зерттеу, жобалау және білім беру үрдісін жүзеге асыру әдістерін, абилитации, оңалту, әлеуметтік бейімдеу мен интеграциялауды меңгерген;
ОН7 –полимәдени ортададағы өзінің кәсіби іс - әрекетінің тәсілдерін меңгерген;
ОН8 –оқу мен мобильділікке қабілетті;
ОН 9 – зияты зақымдалған білім алушылардың мәдени және тілдік қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін жағымды білім беру ортасын дамытуға үлес қосады;
ОН 10 –мемлекеттік және өзге тілдерде жағымды және табысты іскерлік қабілетті көрсетеді;
ОН 11 – зияты зақымдалған білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне жұмылдыруға қабілетті;
ОН 12 – әлеуметтік, мәдени және тұлғалық айырмашылықтарды толерантты қабылдап, ұжымда жұмыс жасауға қабілетті.